

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің мәселелері туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 23 қараша N 1776. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.14. N 14 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне Төрағаның үш, оның ішінде бір бірінші орынбасары болуына рұқсат етілсін.

< * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.02.08. N 187 қаулысымен.

3. Бекітілген штат саны лимитінің шегінде Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің қосымшаға сәйкес аталған агенттіктің аумақтық органдары ретіндегі мемлекеттік мекемелері құрылсын.

4. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі заңдарда белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

1) құрылатын мемлекеттік мекемелердің құрылтай құжаттарын бекітсін және оларды мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізсін;

3) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

5. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 518 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 16, 169-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 40, 343-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір

шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 23-тармағы.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 23 қарашадағы

№ 1776 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару
жөніндегі агенттігі туралы**

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі (бұдан әрі-Агенттік) Үкіметтің құрамына кірмейтін, заңдарда көзделген шектерде арнаулы атқарушылық, рұқсаттық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ жер ресурстарын мемлекеттік басқару саласында топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Агенттіктің облыстарда, қалаларда және аудандарда заңды тұлға болып табылатын аумақтық органдары болады.<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.27. N 1729
қаулысымен

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 610
қаулысымен

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Агенттіктің, егер оған заңдарға сәйкес өкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Агенттік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен, Төрағаның бұйрығымен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Агенттіктің ережесі мен штат санының лимитін Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Агенттіктің заңды мекен-жайы:

Астана қаласы, 473000, Желтоқсан көшесі, 41

7. Агенттіктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Агенттіктің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады.

Агенттікке өзінің бақылау және қадағалау функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынастар жасауға тиым салынады.

Егер Агенттікке заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

2. Агенттіктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Агенттіктің негізгі міндеттері:

1) жер ресурстарын басқару жер қатынастарын реттеу геодезия және картография салаларында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) жер реформасын жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру оны ғылыми, кадрлық және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету, жерге орналастыру геодезия және картография жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;

3) белгіленген тәртіппен жердің мониторингін, мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыру; <*>

4) Қазақстан Республикасы жер ресурстарының жай-күйі туралы деректердің банкіні құру және жүргізу;

5) жерлерді аймақтандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; <*>

6) белгіленген тәртіп бойынша жерлердің пайдаланылуын және қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7) мемлекеттік геодезиялық қадағалау мен тиісті ақпараттарды қорғауды жүзеге асыру;

8) жерге орналастыру жүргізуді ұйымдастыру. <*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.27. N 1729

қ а у л ы с ы м е н .

11. Агенттік заңда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жер заңдарының қолданылу практикасын қорытады, оны жетілдіру

жөнiнде ұсыныс әзiрлейдi;

2) жер заңдарының бұзылуын жоюға шаралар қабылдайды;

2-1) жер заңнамасын бұзушылықты жою жөнiнде орындалуы мiндеттi нұсқау бередi; < * >

2-2) жер заңнамасы саласындағы әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы iстердi қарайды; < * >

3) қолда бар жерлер және олардың санаттар, алқаптар, жер учаскелерiнiң меншiк иелерi және жердi пайдаланушылар бойынша бөлiнуi туралы, жерлердiң пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттiк бақылау туралы, бүлiнген жерлердi қайта өңдеу, топырақтың құнарлы қабатын сылып алу және пайдалану туралы жыл сайынғы республикалық есептердi жасайды;

4) жер ресурстарын пайдалану жөнiндегi жинақтар мен басқа да материалдарды шығарады және таратады;

5) мемлекеттiк республикалық картографиялық-геодезиялық қор мен республика аумақтары жер ресурстарының картографиялық қорын жүргiзедi;

6) республика аумағының геоақпараттық жүйесiн құрады;

7) мемлекеттiк құпияға жататын топографиялық-геодезиялық, картографиялық және аэросуретке түсiру материалдарын пайдаланудың тәртiбiн белгiлейдi, сондай-ақ олардың мекемелердегi есебiн, көбейтiлуiн және сақталуын бақылауды ұйымдастырады;

8) халықаралық ұйымдарда жер ресурстарын басқару геодезия және картография мәселелерi бойынша Қазақстан Республикасының атынан өкiлдiк етедi, басқа елдердiң тиiстi қызметтерiмен қарым-қатынас жасайды;

9) Қазақстан Республикасының мемлекеттiк шекарасын делимитациялау және демаркациялау жөнiндегi топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүзеге асырады;

10) жер үшiн ақы белгiлеу жөнiнде ұсыныс әзiрлейдi;

11) Қазақстан Республикасының орталық және жергiлiктi атқарушы органдарымен жер қатынастарын реттеу жерлердi пайдалану және қорғау жер реформасын жүргiзу жылжымайтын мүлiкке құқықтарды тiркеу мәселелерi бойынша өзара iс-қимыл жасайды;

12) жер учаскелерiнiң бөлiнетiндiгi мен бөлiнбейтiндiгiн айқындайды;

13) мемлекет жер учаскелерiн жеке меншiкке сатқан, пайдалануға берген кезде олардың нақты (жер пайдалану құқығының) бағалау құнын айқындайды; < * >

14) пайдаланылмаған жерлер мен заңды бұзу арқылы пайдаланылған жерлердi анықтайды;

15) жерлердi пайдалану және қорғау мәселелерiн қозғайтын республикалық, облыстық, аудандық бағдарламаларға, сызбаларға және жобаларға сараптама

ж ү р г і з е д і ;

16) жерге орналастыру геодезия және картография мақсаттары үшін ғылыми-зерттеу тәжірибе-конструкторлық, жобалау-іздістіру жұмыстарына мемлекеттік тапсырыстарды қалыптастыруға қатысады;

17) ұйымдардың белгіленген тәртіппен жерге орналастыру топографиялық-геодезиялық, инженерлік-геодезиялық, маркшейдерлік, картографиялық, топырақтық, агрохимиялық, геоботаникалық және басқа да зерттеулік және іздістіру жұмыстарын жүргізуі бөлігінде олардың қызметін ү й л е с т і р е д і ;

18) жерге құқықты куәландыратын құжаттарды береді; <*>

19) жер ресурстарын басқару геодезия және картография органдары қызметкерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың кәсіптік біліктілігін көтеруді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

20) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеуші органдарын жер-кадастрлық карталармен және жер учаскелерінің жоспарларымен қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

21) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.27. N 1729

қ а у л ы с ы м е н

12. Агенттіктің негізгі міндеттерін іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан және азаматтардан жерді пайдалану және қорғау мәселелері жөніндегі қажетті ақпаратты с ұ р а т у ғ а және алуға;

2) атқарушы органдардың қарауына заң актілерінде көзделген негіздемелер бойынша жер учаскелеріне меншік құқықтары мен жерді пайдалану құқықтарын тоқтату туралы ұ сы ны с е н г і з у г е ;

3) жергілікті атқарушы органдардың жер туралы заңдарға қайшы келетін шешімдерін тоқтату туралы ұ сы ны с е н г і з у г е ;

4) өз құзыретінің шегінде лицензиялауды жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Агенттіктің мүлкі

13. Агенттіктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Агенттікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Агенттіктің бекітіліп берілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Агенттікке заңдарда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

16. Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Агенттік төрағасының, оның ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары б о л а д ы .

17. Төраға Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, аумақтық органдардың, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде ведомствалық бағыныстағы ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауаптылықта болады.

18. Төраға осы мақсатта:

1) өзінің орынбасарлары мен Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) заңдарға сәйкес Агенттіктің қызметкерлерін, аумақтық органдардың, ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Агенттіктің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

4) Агенттіктің бұйрықтарына қол қояды;

5) Агенттіктің құрылымы мен штат кестесін, сондай-ақ Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдары туралы ережені бекітеді;

6) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Агенттіктің атынан өкілдік етеді;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады .

19. Агенттік жанынан консультативті-кеңесші орган болып табылатын Алқа құрылады. Алқаның сандық және жеке құрамын Агенттіктің төрағасы бекітеді.

5. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1999 жылғы 23 қарашадағы

№ 1776 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі
агенттігінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының
Тізбесі**

ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.27. N 1729

қ а у л ы с ы м е н

ЕСКЕРТУ. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 610
қаулысымен .

1. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің Ақмола облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті
2. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Ақмола облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Ақкөл ауданы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті
3. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Ақмола облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Астрахан ауданы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті
4. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Ақмола облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Аршалы ауданы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті
5. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Ақмола облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Атбасар ауданы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті
6. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Ақмола облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Бұланды ауданы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті
7. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Ақмола облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Егіндікөл ауданы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті
8. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Ақмола облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Еңбекшілдер ауданы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті
9. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Ақмола облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Ерейментау ауданы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті
10. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Ақмола облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Есіл ауданы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті
11. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Ақмола облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Жақсы ауданы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті

197. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Оңтүстік Қазақстан облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Түркістан қаласы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті

198. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Оңтүстік Қазақстан облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Кентау қаласы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті

199. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің Астана қалалық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті

200. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің Алматы қалалық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті